



«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бағыту
комитеті» РММ төрағасының
2023 ж. «23» қараша
№1006938 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ (Қосымша парақ)

Саудалық атауы
Эмерон

Халықаралық патенттелмеген атауы
Нимесулид

Дерілік түрі, дозасы
Таблеткалар 100 мг

Фармакотерапиялық тобы
Сүйек-бұлшық ет жүйесі. Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар. Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы стероидты емес препараттар. Басқа қабынуға қарсы стероидты емес және ревматизмге қарсы препараттар. Нимесулид.

АТХ коды: M01AX17

Қолданылуы

- желден ауырсынуларды емдеу
 - бастапқы дисменорея
- Эмерон препаратын екінші23 желідегі препарат ретінде ғана тағайындау қажет.
- Нимесулидпен емдеу туралы шешім нақты пациент үшін барлық қауіптерді бағалау негізінде қабылдануы тиіс.

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі

- нимесулидке немесе қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық
- ацетилсалицил қышқылы немесе асқазан-ішектегі қан қетуіне қарсы стероидты емес препараттардың (КҚСП) қабылдауға қабон түйілуі, ринит, есеюкем, мұрын полиптері түріндегі аса жоғары сезімталдық көріністері
- ананмезінде нимесулидге гепатотуытты реакциялар
- басқа өлеуетті гепатотуытты дәрілерді бір мезгілде қабылдау
- алкоғолизм, есрткіге тәуелділік
- алдоғызғы КҚСП емдеуден туындаған ананмездегі асқазан-ішектен қан кетуі немесе тесілуі
- ананмезінде белсенді немесе қайталанатын ойық жара ауруы/қан кетуі (екі немесе одан да көп эпизод)
- ананмезінде цереброваскулярлық қан кетулердің, басқа жерде орналасқан қан құйылулардың, сондай-ақ жоғары қанағаштықпен қан жүретін аурулардың (оның ішінде КҚСП қабылдаумен байланысты) болуы
- қан ұюынның күрделі бұзылулары
- ауыр жүрек жеткіліксіздігі
- ауыр бүйрек жеткіліксіздігі (креатинин клиренсі 30 мл/мин)
- бауыр жеткіліксіздігі
- суық тым немесе тұмау симптомдарының болуы
- тұқым қуалайтын фруктоза жақпаушылығы, глюкоза-галактоза мальабсорбциясы, сахароза-изомальтаза жеткіліксіздігі
- 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер
- жүктілік және лактация кезеңі.

Қолданған кездегі қажетті сақтық шаралары

Егде жастағы пациенттер: дозаны түзету әдетте талап етілмейді, бірақ жүрек, бауыр және бүйрек функциясының жиі қандастетін бұзылуларын ескере отырып, препаратты қолдану кезеңінде дәрігердің бақылауы ұсынылады.

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер: Эмерон препараты бауыр патологиясы бар пациенттерге ұсынылмайды, ал бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерге қолдануға болмайды.

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер: өлсіз немесе орташа айқын бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерге (креатинин клиренсі 30-80 мл/мин) дозаны түзету талап етілмейді, ауыр бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерге препаратты қолдануға болмайды (креатинин клиренсі < 30 мл/мин).

Басқа дерілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Қабынуға қарсы дозаларда (бір реттік доза түрінде) 1 н немесе жалпы тәуліктік доза түрінде ≥ 3 г) ацетилсалицил қышқылын қоса, нимесулидті және басқа КҚСП бір мезгілде қолдану ұсынылмайды. Құрамында нимесулид бар препараттарды кортикостероидтармен, антигромбоциттік препараттармен және серотонинді қарі қармайтын селективті төгешістерімен бір мезгілде қабылдау асқазан-ішек ойық жарасының немесе қан кетудің даму қаупін арттырады. Варфаринді немесе ұқсас антикоагулянттарды, сондай-ақ ацетилсалицил қышқылын қолданатын пациенттерде нимесулидпен бір мезгілде қолданған кезде қан кетудің даму қаупі жоғары болады, сондықтан мұндай біріктірілім ұсынылмайды, ал қан ұюынның бұзылуының ауыр түрлерінде оны қолдануға болмайды. Егер мұндай біріктірілімі болдырмау мүмкін болмаса, қаннң ұю жүйесінің жағдайын үнемі бақылау қажет.

Нимесулид диуретиктер мен гипертензияға қарсы препараттардың әсерін төмендетуі мүмкін. Бүйрек функциясы бұзылған кейбір пациенттерде нимесулид пен АӨФ төгешістерін, ангиотензин II антагонистерін немесе циклооксигеназа жүйесін бастатын дәрілерді бір мезгілде тағайындағанда бүйрек функциясының нашарлауы және әдетте қайтымыды болатын желден бүйрек жеткіліксіздігі дамуы мүмкін. Бұл препараттарды бір уақытта қабылдау, әсіресе егде жастағы адамдарда сақ болуды қажет етеді. Пациенттер сұйықтықтың жеткілікті мөлшерін қабылдауы тиіс, ал бүйрек функциясын біріктірілген ем басталғаннан кейін мұқият бақылау керек.

Нимесулид фуросемидтің диурездік әсерін және натрийдің, аз дараеде қалийдің шығарылуын уақытша төмендетуі мүмкін, сондықтан Эмерон мен фуросемид препаратын бір мезгілде қолданған кезде бүйрек немесе жүрек функциясы бұзылған пациенттерге ерекше сақтық қажет.

Нимесулид литийдің шығарылуын азайтыу мүмкін, бұл қан плазмасындағы литий деңгейінің жоғарылауына және оның уыттылығына әкеледі, сондықтан литийді Эмерон препаратымен бір мезгілде қолданғанда қандағы литий деңгейін жиі бақылау қажет. Глибенкламидпен, метформинмен, варфаринмен, дигоксинмен, циметидинмен және антацидті препараттармен бір мезгілде қолданғанда клиникалық маңызды өзара әрекеттесулер байқалған жоқ.

Нимесулид CYP2C9 ферменттік жүйесінің белсенділігін басады. Осы

ферменттің субстраты болып табылатын препараттарды нимесулидпен бір мезгілде қабылдаған кезде осы препараттардың плазмадағы концентрациясы жоғарылауы мүмкін. Эмерон препаратын метотрексатты қолданғанға дейін 24 сағат бұрын немесе қолданғаннан кейін 24 сағаттан соң қабылдаған кезде қандағы метотрексат деңгейінің ықтималды жоғарылауына және оның қатты әсерінің дамуына байланысты сақ болу қажет. Циклоспориндермен бір мезгілде қолданғанда олардың бүйрекке уытты әсерінің жоғарылауы мүмкін.

Зерттеулер көрсеткендей, нимесулид толбутамид, салицил және вальпротіл қышқылымен байланысқан жерлерден шығарылады. Алайда, оның плазмадағы деңгейіне ықтималды әсеріне қарамастан, осы өзара әрекеттесулердің клиникалық маңыздылығы анықталған жоқ.

Эмерон препаратын емдеу кезінде гепатотуытты әсері бар препараттармен бір мезгілде қолданудан, сондай-ақ алкоғолды шамадан тыс пайдаланудан аулақ болу керек, өйткені бұл заттар бауыр тарапынан жағымсыз реакциялардың даму қаупін арттыруы мүмкін.

Кортикостероидтармен бір мезгілде қолданғанда асқазан-ішек жолының қан кетуінің/ойық жарасының даму қаупінің жоғарылауы байқалады.

Арнайы ескертулер

Жағымсыз әсерлердің даму қаупін төмендету үшін препаратты емдеу курсының ең аз ұзақтығымен ең аз тиімді дозада қолдану қажет. Препаратты ыстық түсіретін дәрі ретінде қолдану ұсынылмайды. Дене температурасының жоғарылауы және пациенттерде тұмауға ұқсас симптомдар қабыл болған кезде Эмерон препаратын қабылдауды тоқтату қажет.

Егер препаратты қабылдағаннан кейін жағдай жақсармаса, емдеуді тоқтатып, емдеуші дәрігерге қаралу қажет. Егде жастағы пациенттерде жүрек, бауыр және бүйрек функциясының бұзылуы жиі байқалады, оларда КҚСП қабылдауға жағымсыз реакциялардың даму жиілігі (әсіресе, асқазан-ішек қан кетулері, ойық жаралар мен тесілулер) жоғары, бұл кейбір жағдайларда өлімге әкелуі мүмкін, сондықтан мұндай жағдайларда дәрігердің қадағалауы ұсынылады.

Жүрек-қантарты жүйесіне әсері: артериялық гипертензиясы немесе жеңіл немесе орташа айқын дәрежедегі ірікіліт жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттер Эмерон препаратын қолданған кезде ісінуді дамуымен организмде сұйықтықтың ірікілуі мүмкін.

Кейбір КҚСП қолдану (әсіресе жоғары дозаларда және ұзақ уақыт) артериялық тромбоздың (мысалы, миокард инфарктісі немесе инсульт) шамалы жоғары қаупін беруі мүмкін екендігі туралы деректер бар. Эмерон үшін мұндай қауіпті болдырмау үшін деректер жеткіліксіз. Бақыланбайтын артериялық гипертензиясы, жүректің ишемиялық ауруы, шеткері артерия ауруы және/немесе цереброваскулярлық аурумен анықталған желден жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерге Эмерон препараты пайда/қауіп арақатынасын мұқият бағалағаннан кейін ғана тағайындауы мүмкін. Осындай тәсіл жүрек-қан тамырлары ауруларының (мысалы, артериялық гипертензия, гиперлипидемия, қант диабеті және темекі шегу) қауіп факторлары бар пациенттерді ұзақ емдеуді бастар алдында қолданылады.

Нимесулид тромبوциттер функциясына әсер етуі мүмкін болғандықтан, Эмерон препаратын геморрагиялық диатезі бар пациенттерге сақтықпен тағайындау керек. Эмерон жүрек-қантарты ауруларының алдын алу үшін ацетилсалицил қышқылын алмастырмайды.

Асқазан-ішек жолына әсері: асқазан-ішектен қан кету, ойық жаралануы / тесілуі (кейде өліммен аяқталатын) емдеу кезеңінде кез келген уақытта, алдын алу симптомдарының пайда болуымен немесе оларсыз дамуы мүмкін. Бұрын асқазан-ішек жолдары тарапынан ұқсас эпизодтарының болуына байланысты емес. Жағымсыз әсерлер пайда болған жағдайда, Эмерон препаратымен емдеуді шұғыл тоқтатып, емдеуші дәрігерге қаралу қажет.

Эмеронды ананмезінде лепттидік ойық жараның, асқазан-ішектен қан кетудің, ойық жаралы колиттің немесе Крон ауруының болуын қоса алғанда, асқазан-ішек бұзылыстары бар пациенттерде қолданбаған жөн, өйткені бұл аурулар өршуі мүмкін.

Асқазан-ішектен қан кетудің, ойық жараның немесе ойық жараның тесілуінің даму қаупі КҚСП дозасының ұлғаюымен, сондай-ақ ананмезде ойық жара болған кезде (әсіресе қан кетумен немесе тесілумен асқынған), сондай-ақ егде жастағы адамдарда жоғарылады.

Ойық жараның немесе қан кетудің даму қаупін арттыруы мүмкін препараттарды, мысалы, пероральді кортикостероидтарды, варфарин сияқты антикоагулянттарды, серотонинді қайта қармайтын селективті төгешіштерді немесе аспирин сияқты антигромбоциттік дәрілерді бір мезгілде қабылдайтын пациенттер препараты қабылдау кезінде сақ болу қажеттігі туралы хабардар етілуі тиіс. Мұндай пациенттерді емдеуді ең аз тиімді дозадан бастаған жөн және қажет болған жағдайда қорғаныс қасиеттері бар дерілік препараттармен (мысалы, мизопростолмен, протонды помпа төгешіштерімен) біріктірілген ем тағайындау мүмкіндігін қарастыру керек.

Асқазан-ішек жолдарының уытты зақымдануы бар пациенттер, әсіресе қарттар, асқазан-ішек жолында пайда болатын кез-келген ерекше симптомдар туралы (әсіресе асқазан-ішектен қан кету) хабарлауы керек. Бұл әсіресе емдеудің бастапқы кезеңдерінде маңызды.

Бауырға әсері: бауыр функциясының айқын бұзылулары бар пациенттерде Эмерон препаратының метаболизмі бұзылуы, организмде препараттың жинақталуымен оның шығарылуы төмендеуі мүмкін. Сондай-ақ, құрамында нимесулид бар препараттарды қабылдау асында бауыр функциясының орташа айқыннан ауыра дейін, оның ішінде өлімге дейін бұзылуы туралы хабарламалар бар. Осылайша, бауыр аурулары бар пациенттерге Эмеронды қолдану ұсынылмайды.

Эмерон қабылдайтын пациенттерде бауырдың зақымданғанын көрсететін симптомдар (мысалы, тәбеттің болмауы, жүрек айну, құсу, іштің ауыруы, қатты қажу, несептің құртпүртенуі) немесе бауырдың функционалдық сынамаларының аномалиялық нәтижелері пайда болған кезде препаратты қабылдауды тоқтатып, емдеуші дәрігерге қаралу қажет (бұл жағдайда болашақта нимесулид препараттарын қабылдау ұсынылмайды). Бауырдың зақымдануы туралы хабарланды (көп жағдайда қайтымыды), тіпті препараттың қысқа мерзімді әсерінен кейін.

Эмерон препаратымен емдеу кезеңінде бауырға уытты әсер ететін препараттарды, басқа анальгетиктерді немесе КҚСП-ны бір мезгілде қолданудан және алкоғолды тұтынудан аулақ болу ұсынылады. Егер Эмерон препаратын қолдану кезінде тұмауға немесе суық тиюге ұқсас симптомдар дамыса, препаратты қабылдауды тоқтатып, дәрігерге қаралу қажет.

Бүйрек функциясы бұзылған науқастарда қолдану: бүйрек жеткіліксіздігі және жүрек ауруы бар пациенттерде Эмерон препаратын қолданған кезде сақ болу керек, өйткені нимесулид бүйрек жұмысының нашарлауына әкелуі мүмкін. Аурудың өршуі жағдайында емдеуді тоқтату керек.

Терінің аллергиялық реакциялары: Нимесулидті қолданған кезде дерілік бөртпелердің болуы мүмкіндігі жиілі ескертілді. КҚСП-ға ауыр тері реакцияларының өте сирек жағдайлары туралы мәліметтер бар, олардың кейбіреулері өлімге әкелуі мүмкін (мысалы, экзfolиативті дерматит, Стивенс-Джонсон синдромы, уытты эпидермалық некролиз). Пациенттер емдеудің басында, көбінесе емдеудің бірінші айында осы реакциялардың даму қаупіне көбірек ұшырайды. Эмеронды тері бөртпесінің, шырышты қабықтың зақымдануының және аллергиялық реакцияның басқа белгілерінің алғашқы белгілерінде тоқтату керек.

Эмерон препаратын қабылдау алдында емдеуші дәрігермен кеңесу керек. Бекітілген дерілік бөртпе түріндегі аллергиялық реакциялар (мысалы, дөңгелек немесе сопақша дақтар, терінің қызаруы және ісінуі сияқты), күлдірейік (есеюкем), қышыну пайда болған жағдайда Эмерон препаратын қолдануды дереу тоқтатып, бұл туралы өзінің емдеуші дәрігеріне хабарлау керек.

Қосымша заттар: Эмерон препаратының құрамында лактоза бар, сондықтан оны сирек тұқым қуалайтын галактоза жақпаушылығы, Ларр-лактоза тапшылығы немесе глюкоза-галактоза мальабсорбциясы бар пациенттерде тағайындауға болмайды.

Өр дерілік заттың құрамында натрийдің мөлшері бір ммольден (23 мг) аз болып келеді, яғни іс жүзінде құрамында натрий жоқ.

Егде жастағы пациенттер: әсіресе егде жастағы пациенттер КҚСП жағымсыз әсерлеріне, оның ішінде асқазан-ішек қан кетулеріне және тесілуіне, өлімге әкелуі мүмкін. Бүйрек функциясының, жүрек және бауыр функциясының бұзылуына байланысты, сондықтан олар дәрігердің белсенді бақылауына қажет етеді.

Өйелдердегі фертильділікке әсері: нимесулидті қолдану өйелдің фертильділігін төмендетуі мүмкін және жүктілікті жоспарлау кезінде ұсынылмайды. Жүкті бола алмай жүрген немесе бөделікке күдік бар өйелдерде Эмерон препаратын қабылдауды тоқтату мүмкіндігін қарастыру қажет.

Педиатрияда қолдану: 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерде қолданылмайды.

Жүктілік немесе лактация кезінде: Эмерон препаратын жүктіліктің соңғы триместрінде қолдануға болмайды. Эмерон препаратын басқа КҚСП сияқты қолдану жүкті болуға тырысатын өйелдерге ұсынылмайды.

КҚСП қолдану жүктілікке немесе шараңаның дамуына теріс әсер етуі мүмкін. Препаратты жүктіліктің ерте кезеңінде қолданғаннан кейін, зерттеу нәтижелері түсік тастау, жүрек ақаулары және алдыңғы құрсақ жактауы ақауларының жоғарылау қаупін көрсетеді. Дозаның жоғарылауымен және емдеу ұзақтығымен кәуір жоғарылады деп саналады. Эмерон препаратын жүкті өйелдерде қолдану туралы жеткілікті деректер жоқ.

Егер Эмерон препаратын жүкті болуға тырысатын өйел немесе жүктіліктің бірінші немесе екінші триместрінде қабылдаса, дозасы мен емдеу ұзақтығы мүмкіндігінше төмен болуы тиіс.

Жүктіліктің үшінші триместрінде протостандын синтетізінің барлық төгешіштері шараңда мыналарды тұтындатуы мүмкін: жүрек-өкпе уыттылығы (артериялық түтіктің мерзімінен бұрын қабылдануы және өкпе артериясы жүйесіндегі гипертензиямен);

- қағанақ суының аздығы дамуымен бүйрек жеткіліксіздігіне дейін үдеуі мүмкін бүйрек функциясының бұзылуы.

Жүктіліктің соңында ана мен балада: қан кету уақытының бұзаруы мүмкін, тіпті өте төмен дозаларды қолданғанда да; босану уақытының кідіруіне немесе аузырына өкел соқтыратын жатырдың жиырылу қызметінің бәсеңдеуі, сондықтан Эмерон препаратын жүктіліктің үшінші триместрінде қолдануға болмайды.

Бала өмізу: Эмерон препаратының емшек сүтімен шығарылатыны белгісіз, сондықтан оны бала емізетін аналарға қолдануға болмайды. Препараттың көлік құралын немесе қимылғілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етуі ерекшеліктері.

Нимесулидтің көлік жүргізу немесе механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсерін зерттейтін зерттеулер жүргізілген жоқ. Алайда, Эмерон препаратын қабылдағаннан кейін бас айналу және ұқсашылдық дамитын пациенттер автомобильді басқарудан немесе қозғалмалы механизмдермен жұмыс жүргізуден бас тарту керек.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалау режимі

Ересектер: ішке 1 таблеткадан (100 мг) тәулігіне 2 рет. Ересектер үшін ең жоғары тәуліктік доза-200 мг.

Енаізу әдісі мен жолы

Таблеткаларды жеткілікті мөлшердегі сумен қабылдайды, дұрысы - тамақтан кейін.

Емдеу ұзақтығы

Емдеу курсының ұзақтығы 5 күннен аспайды.

Артық алынған жағдайда қабылдануы тиіс шаралар

Желден азық-досалыну симптомдары: петаргия, ұйқышылдық, жүрек айнуы, құсу, эпигастрия аймағындағы ауырсыну. Демеуші емді жүргізу кезінде бұл симптомдар әдетте қайтымыды болады. Асқазан-ішектен қан кету дамуы мүмкін, сирек жағдайларда артериялық қысымның жоғарылауы, желден бүйрек жеткіліксіздігі, тыныс алудың бәсеңдеуі және кома. КҚСП емді дозаларын қабылдаған кезде және олардың артық дозаланыуы кезінде анафилактикоидты реакциялардың дамуы туралы хабарламалар бар.

Емі: асқазанды шаю, бәсеңдірілген көмірді, осмостық іш жүргізетін дәрілерді қабылдау, қажет болған жағдайда симптоматикалық ем тағайындалады. Бауыр мен бүйрек функциясын бақылау керек. Арнайы антидот жоқ. Қан ақуыздарымен айқын байланысуына байланысты (97,5% дейін) диализ тиімді емес. Мәжбүрлі диурез, несептің сітілуіне, гемодиализ немесе гемоперфузия препараттың қан ақуыздарымен байланысу деңгейінің жоғарылауы салдарынан тиімді болмауы мүмкін.

Дерілік препараты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медицина қызметкеріне кеңес алуға хабарласу бойынша ұсынымдар

Дерілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медицина қызметкеріне кеңес алу ұсынылады

ДП стандартты қолданған кезде байқалатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдауға тиісті шаралар

Жиі

- диарея, жүрек айнуы, құсу
- бауыр ферменттері деңгейінің жоғарылауы

Жиі емес

- басайналу, артериялық гипертензия, ентігу
- іш қату, метеоризм, асқазан-ішектен қан кету, 12-елі ішектің ойық жарасы және тесілуі, асқазанның ойық жарасы және тесілуі
- терінің қышынуы, бөртпе, қатты терлеу, ісіну.

Сирек

- анемия, азоинофия, гиперкалиемиа
- аса жоғары сезімталдық, эритема, дерматит
- мазасыздық, күйгелектік, түңгі қорқынышты түстер, бұлыңғыр көру, дімкестік, астения
- тахикардия, геморрагия, артериялық қысымның құбылмалылығы, қан көрнеулер
- дизурия, гематурия.

Өте сирек

- тромбоцитопения, панцитопения, пурпура
- анафилаксия, есеюкем, ангионевроздың ісінуі, беттің ісінуі, көп формалы эритема, Стивенс-Джонсон синдромы, уытты эпидермалық некролиз
- бас ауыруы, ұйқышылдық, энцефалопатия (Рейе синдромы), көру қабілетінің бұзылуы, вертиго, гипотермия
- демікпе, бронх түйілуі
- гастрит, іштің ауыруы, диспепсия, стоматит, қара май тәрізді нәжіс
- гепатит, фуглиманнанты гепатит, сүрғае, холестаз
- несеп шығарудың ірікілуі, бүйрек жеткіліксіздігі, олигурия, интерстициалың нефрит.

Белгісіз (қолда бар деректер негізінде бағалау мүмкін емес)

- ұтрақтанған дерілік бөртпе (дөңгелек немесе сопақша дақтар түрінде, терінің қызаруы және ісінуі түрінде), күлдірейік (есеюкем), қышыну.

Жағымсыз дерілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дерілік препараттардың тиісіздігі туралы хабарламасы қоса, дерілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша ақапраттық деректерді басына тікелей жігугі қажет

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бағылау комитетінің «Дерілік заттар мен медициналық бұйымдарды қарптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

http://www.ndda.kz

Қосымша мәліметтер

Дерілік препараттың құрамы

Бір таблетканың құрамында

Бәсеңдіріл зат – микродралдан нимесулид 100 мг, *қосымша заттар:* натрий диоктисулцинаты, гидроксипропицеллюлоза, лактоза моногидраты, микрокристалды целлюлоза, повидон, гидрогенделген майсана майы, магний стеараты, натрий крахмалгликоляты.

Сыртқы түрінің, ісінісін, дәмнің сипаттамасы

Ашық-сары түсті, дөңгелек пішінді, тегіс беткейлі, бір жағында ойығы және белу сызығы бар бірдей таблеткалар.

Шығарылу түрі және қаптамасы

10 таблеткадан поливинилхлорид/поливинилхлоридті фольгадан және термолакталған алюминий фольгадан жасалған пішінді ұшықты қаптамаға салынған.

2 қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

Сақтау мерзімі

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

Өндіруші туралы мәліметтер

REPLEK FARM Ltd Skopje

Kozle 188, 1000 Скопье, Солтүстік Македония Республикасы, Тел.: +389 2 3081343

Эл.пошта: info@replek.com.mk

Тіркеу куәлігінң ұстаушысы

VEGAPHARM LLP

Unit 18, 53 Norman Road, Greenwіch Centre Business Park, Лондон, SE 10 9PQ, Ұлыбритания.